

**"Алматы қаласы Әкімі жанындағы кәсіпкерлікті дамытудың Қоғамдық сараптау кеңесін құру" туралы**

***Күшін жойған***

Алматы қаласы Әкімінің шешімі 1999 жылғы 31 мамырдағы N 490. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2001 жылғы 23 қаңтарда N 276 тіркелді. Шешім " Нормативтік-құқықтық актілер туралы" Заңның 38 бабына сәйкес мемлекеттік тіркеуге жатпайды және онсыз қолданылады - Алматы қалалық әділет басқармасының 2005 жылғы 20 қаңтардағы N 02-11/227 хатымен. Күші жойылды - Алматы қаласы Әкімінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 33 шешімімен

<\*> Ескерту. Алматы қаласы Әкімі жанындағы кәсіпкерлікті дамытудың Қоғамдық сараптау кеңесі - Алматы қаласы Әкімі жанындағы шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі комиссия деп қайта аталды - Алматы қаласы Әкімінің 2001 жылғы 25 мамырдағы N 359 шешімімен. V01r365\_

Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 31 желтоқсандағы N 4189 U984189\_ "Қазақстан Республикасында 1999-2000 жылдары шағын кәсіпкерлікті дамыту және оны қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарлама туралы " Жарлығына сәйкес және қоғамдық ұйымдардың кәсіпкерлер құқығын қорғау жөніндегі қызметіне кепілдікті қамтамасыз ету, шағын кәсіпкерлік субъектісінің шаруашылық қызметіне жөнсіз араласпау, сондай-ақ қабылданған шешімдерді жедел орындау мақсатында Алматы қаласының Әкімі

**Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Алматы қаласы Әкімінің 1998 жылғы 17 қазандағы N 1023 "Алматы қаласындағы кәсіпкерлікті дамытуды жеделдету жөніндегі шаралар туралы" шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

- "Алматы қаласындағы кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша ұсынымдарды әзірлеу жөніндегі әдістемелік кеңес" "Алматы қаласы Әкімінің жанындағы кәсіпкерлікті дамытудың Қоғамдық сараптау кеңесі" болып аталсын;

- 2, 3, 4, 5 тармақтары алынып тасталсын.

2. Қоғамдық сараптау кеңесі жөніндегі Ереже бекітілсін (N 1 қосымша).

3. Алматы қаласы Әкімінің жанындағы кәсіпкерлікті дамытудың Қоғамдық сараптау кеңесінің құрамы бекітілсін (N№2 қосымша).

4. Қоғамдық сараптау кеңесінің мәжілісі айына бір рет өткізіліп тұрсын.
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ.А. Бүкеновке жүктелсін.

Алматы қаласының Әкімі

Алматы қаласы Әкімінің  
1999 ж. 31 мамырдағы  
№ N 490 шешіміне  
№ N 1 қосымша

Алматы қаласы Әкімінің жанындағы кәсіпкерлікті  
дамытудың Қоғамдық сараптау кеңесі туралы  
ЕРЕЖЕ

## 1. Жалпы ережелер

1.1. Алматы қаласы Әкімінің жанындағы кәсіпкерлікті дамытудың Қоғамдық сараптау кеңесі (бұдан әрі - Қоғамдық сараптау кеңесі) Алматы қаласындағы кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі ұсыныстарды және өтінімдерді әзірлеуші орган болып табылады.

1.2. Қоғамдық сараптау кеңесінің құрамын Алматы қаласының Әкімі бекітеді.

1.3. Қоғамдық сараптау кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына К951000\_ , Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Алматы қаласының өкімдері мен шешімдеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

## 2. Қоғамдық сараптау кеңесінің негізгі міндеттері

Қоғамдық сараптау кеңесінің өзінің қызметіндегі саладағы негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

- 2.1. кәсіпкерлердің заңды құқықтарын қорғау;
- 2.2. кәсіпкерлер қоғамдық бірлестіктерінің сындарлы бастамаларын қолдау;
- 2.3. экономикасы дамыған мемлекет құруда және республика азаматтарының әл-ауқатын көтеруде әрбір кәсіпкердің белсенді өмірлік ұстанымын насихаттау;
- 2.4. нормативтік-құқықтық актілер жобаларын даярлауға бастама көтеру және

қоғамдық сараптама жүргізу;

2.5. кәсіпкерлікті қорғау мен қолдау жөніндегі нысаналы бағдарламалар мен жобаларды әзірлеуге, үйлестіру мен іске асыруға жәрдемдесу;

2.6. кәсіпкерлікті дамыту үшін қолайлы жағдай жасау жөнінде ұсыныстар әзірлеу және шаралар қабылдау;

2.7. кәсіпкерлікті дамытуға қатысты заңнамалық және нормативтік актілерге өзгеріс пен толықтыру енгізу жөніндегі жобаларды әзірлеу;

2.8. кәсіпкерлікті дамытуға байланысты Алматы қаласының Әкімімен басшылықты нақты мәліметтермен қамтамасыз ету;

2.9. еркін кәсіпкерлік қала - Алматының мәртебесін толық көлемде пайдалануды қамтамасыз ету.

### 3. Қоғамдық сараптау кеңесінің қызметі

Қоғамдық сараптау кеңесі оған жүктелген міндеттерге сәйкес мынадай жұмыстарды жүзеге асырады:

3.1. нормалық-құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістерді енгізу жөніндегі ұсыныстарды енгізеді;

3.2. кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау және оны дамытуға себеп болатын Алматы қаласы Әкімі шешімдерінің жобасын әзірлеуді жүзеге асырады;

3.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес өзге қызметтерді жүзеге асырады.

### 4. Қоғамдық сараптау кеңесінің өкілеттігі

Қоғамдық сараптау кеңесі оған жүктелген міндеттер мен өз жұмысын жүзеге асыру кезінде мынадай құқықтарға ие:

4.1. Қоғамдық сараптау кеңесіне жүктелген міндеттерді орындау үшін тиісті органдардан қажетті мәліметтерді сұрастырады және алғызады;

4.2. кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған нормалық-құқықтық актілердің жобаларын әзірлейді;

4.3. кәсіпкерлікті дамытуға және оны қолдау жөніндегі мәселелерге

тиісті шешім жобаларын олар бойынша мәселелер мен ұсыныстарды Алматы қаласы Әкімінің қарауына енгізеді.

### 5. Қоғамдық сараптау кеңесінің жұмыс уақыты

5.1. Құжаттарды қарау және ол бойынша шешім қабылдау Қоғамдық

сараптау кеңесінің мәжілістерінде жүргізіледі.

5.2. Қоғамдық сараптау кеңесінің мәжілісі айына екі рет өткізіледі.

5.3. Қоғамдық сараптау кеңесінің мәжілісінде мәселелерді қарастыру жоспары мен кестесі бекітіледі.

5.4. Қоғамдық сараптау кеңесінің мәжілісінде қарауға жататын материалдар Қоғамдық сараптау кеңесінің, Шағын бизнес департаментінің мүшелерімен және қоғамдық кәсіпкерлік ұйымдармен әзірленеді.

Алқа хатшысы

Алматы қаласы Әкімінің

1999 ж. 31 мамырдағы

№ N 490 шешіміне

№ N 2 қосымша

Кәсіпкерлікті дамытудың Қоғамдық сараптау кеңесінің  
ҚҰРАМЫ

1. В.В.Храпунов - Алматы қаласының Әкімі - төраға
2. Қ.А.Бүкенов - Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары - төрағаның орынбасары
3. Ш.С.Байболова - Салық мәдениетін құрастыру қоры ҚҚ директоры
4. Е.Бессонов - "Фолдинг-спейс" ЖШС директоры
5. Е.О.Дүкенбаев - Шағын бизнес департаменті директорының орынбасары
6. В.А.Ермаков - "Секрет+Сервис" ЖШС директоры
7. Ж.М.Қайсенов - Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық кеңесші
8. И.М.Кравченко - "Беккер и К" БК бас директоры
9. А.Б.Отыншиев - Шағын кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі қоғамдық кеңесші
10. М.Т.Палташева - Алматы кәсіпкерлер ассоциациясының атқарушы директоры
11. М.Е.Толибаев - Шет елге тауар шығарушы адал кәсіпкерлер ассоциациясының президенті
12. С.А.Тұржанов - Алматы қалалық Шағын бизнес департаментінің директоры

13. К.И.Туматов - Тігін өндірісі кәсіпорындары  
қоғамдық комитетінің төрағасы
14. В.А.Югай - I сайланған Алматы қалалық  
Мәслихатының депутаты
15. М.Тампиев - Шағын кәсіпкерлікті дамыту  
жөніндегі қоғамдық кеңесші

Алқа хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК